



Жабдықтаушы қызығушылығын таныту: “ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚТАРЫ”

Мазмұны

Жабдықтаушы қызығушылығын таныту: “ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚТАРЫ”	1
1. Кіріспе	2
2. SEOI “Уэб-Формасын” тапсыру	3
2.1. SEOI аккаунтын ашу	3
2.2. SEOI “Уэб-Формасын” толтыру және тапсыру	3
2.2.1. Жалпы талаптар	3
2.2.2. Бөлім бойынша талаптар	4
3. SEOI “Уэб-Формасын” тіркеу	6
3.1. SEOI “Уэб-Формасын” тіркеу	6
3.2. SEOI “Уэб-Формасының” жарамдық мерзімі	7
3.3. Жабдықтаушының SEOI профайлын ТШО компаниясының жаңартуы	7
А - ҚОСЫМШАСЫ: “Жабдықтаушы Құжаттары”	8

1. Кіріспе

Бұл құжатта **Жабдықтаушы қызығушылығын таныту (SEOI)** бойынша SEOI akkaунтын қалай ашу, SEOI “Уэб-Формасын” қалай тапсыру және “Теңізшевройл” уэб сайтындағы жабдықтаушының SEOI профайлын қалай жаңарту туралы жабдықтаушыларға арналған нұсқаулықтар (әрі қарай - SEOI нұсқаулықтары) келтіріледі.

Жабдықтаушының SEOI негіздерін, қызығушылық танытудың қалай тапсырылып, бағаланатынын түсінуін қамтамасыз ету мақсатында, SEOI akkaунтын ашпас, SEOI “Уэб-Формасын” тапсырмас бұрын осы нұсқаулықтар мұқият, зейінмен оқылуы тиіс.

Сондай-ақ, жабдықтаушы қызығушылық танытудың барлық кезеңдерінде іскери әдеп және іс жүргізу нормалары бойынша жабдықтаушыларға қойылатын ТШО талаптарын сақтауы тиіс.

SEOI нұсқаулықтары талаптарын, іскери әдеп және іс жүргізу нормаларын сақтамау жабдықтаушының SEOI есеп жазбасын пәрменнен айыруға әкелуі мүмкін.

SEOI ТШО тарапының қандай да бір міндеттеме алуы ретінде қарастырылмауы тиіс, және кез-келген жабдықтаушыға, оның қызығушылық танытқаны негізінде ғана қандай да бір талаптар қою және/немесе ТШО және/немесе оның серіктес компанияларынан қандай да бір өтемақы өндіруге тырысу құқығын бермейді.

ТШО-ның SEOI “Уэб-Формасын” тіркелуі жабдықтаушының бастапқы біліктілікті бағалаудан өткенін немесе төндерге шақырылғанын білдірмейді.

SEOI “Уэб-Формасын” дайындау және жабдықтаушының SEOI профайлын басқару барысында жасалатын барлық шығынды қызығушылық танытқан жабдықтаушы өзі ғана көтереді.

ТШО өзі ғана шешетін себептермен жабдықтаушының SEOI профайлын пәрменнен айыру құқығын сақтайды.

Жабдықтаушы тапсырылған SEOI жөнінде ТШО-ның өзге қызметкерлерімен телефон немесе электрондық пошта арқылы байланысуға тырыспауы тиіс.

Егер жабдықтаушының ТШО SEOI процедурасымен байланысты сұрақтары болса, ТШО SEOI тобымен электрондық пошта арқылы тақырыбына “жабдықтаушы атын” көрсетіп, байланысу сұралады: TCOSEOI@tengizchevroil.com.

2. SEOI “Уэб-Формасын” тапсыру

2.1. SEOI аккаунтын ашу

- 2.1.1. Жабдықтаушы SEOI бас парағында орналасқан ақпаратпен танысып, сол беттегі SEOI нұсқаулықтарды жүктеп алып, мұқият оқуы тиіс.
- 2.1.2. Жабдықтаушы SEOI бас парағында **“Аккаунт ашу”** пернесін басыуы тиіс.
- 2.1.3. Жабдықтаушы **“Жабық ақпаратты жарияламау туралы пайдаланушы растауы және келісімін”** қарап, “Мен SEOI шарттары мен талаптарын қабылдаймын” пернесін басып қабылдауы тиіс.
- 2.1.4. SEOI аккаунтына кіру үшін жабдықтаушы жеке SEOI пайдаланушы **аты мен паролін** түзуі тиіс. Жүйеге ену үшін SEOI пайдаланушы атына қосымша электрондық пошта мекен-жайын қолдануға болады.
- 2.1.5. Жабдықтаушы компаниясы туралы сұралған ақпаратты енгізіп, **“Жаңа жабдықтаушыны тіркеу”** пернесін басыуы тиіс.
- 2.1.6. Жабдықтаушының өзі көрсеткен электрондық мекен-жайға жүйелік хабарлама алуы, SEOI аккаунтының табысты ашылғанын білдіреді. Жабдықтаушы түзілген пайдаланушы атын, паролін, электрондық пошта мекен-жайын жүйелік хабарламада берілген сілтеме арқылы растауы тиіс.

МАҢЫЗДЫ!

- Жабдықтаушы филиал болса, жабдықтаушының бас компаниясы және филиалы жеке SEOI аккаунттарын ашып, SEOI “Уэб-Формаларын” бөлек тапсырулары тиіс.
- Пайдаланушы аты мен паролді Жабдықтаушы ғана пайдалануы тиіс және оларды есте сақтауы тиіс, өйткені пайдаланушы аты мен паролді жүйе растаған соң, бұл жолдарда ешнәрсені өзгертуге жүйе жол бермейді.
- Пайдаланушы аты, пароль және электрондық пошта заңды тұлғаға ашылуы тиіс, жеке тұлғаға тиесілі болмауы тиіс.
- Егер Жабдықтаушы ашылған SEOI аккаунтты тіркелген электрондық поштаға жіберілген сілтеме арқылы 5 күн ішінде растамаса, пайдаланушы аты мен паролді SEOI аккаунт ашу үшін өзге пайдаланушылар пайдалануы мүмкін.

2.2. SEOI “Уэб-Формасын” толтыру және тапсыру

2.2.1. Жалпы талаптар

SEOI “Уэб-Формасы” мен ұсынылған SEOI формаларына сәйкес барлық қажетті құжаттар ағылшын тілінде тапсырылады, қазақ және орыс тілдері қосымша болып табылады.

Жабдықтаушы барлық құжаттарды, соның ішінде ТШО құжаттарды қайтара сұратқан жағдайларда да, SEOI уэб платформасы арқылы ғана тапсырады. Жабдықтаушының электрондық пошта арқылы жіберген құжаттарын ТШО қабылдамайды.

Ағылшын және қазақ және/немесе орыс тілінде ұсынылған ақпарат нұсқаларының арасында қарама-қайшылық болса, ағылшын тіліндегі нұсқа басым күшке ие болады.

Жабдықтаушы SEOI “Уэб-Формасындағы” барлық жолдарды толтыруға міндетті. Қысқаша нұсқаулары бар қалқыма кеңестер толтыру кезінде Жабдықтаушыға қолайлы болу үшін жасалған, және мұқият оқылуы тиіс.

Жабдықтаушы келесіге назар аударуы тиіс:

- Жүктеу үшін келесі файл форматтарын ғана пайдалану: .xls, .doc, .ppt, .pdf
- тіркелетін құжаттардың саны “Жабдықтаушы құжаттары” бөліміндегі әрбір тарау үшін 5 құжаттан аспауы тиіс;
- тіркелетін кез-келген құжат көлемі 10 МБ аспауы тиіс;
- SEOI формаларындағы кез-келген ұяшықты, жолды, бағанды жоймау немесе өзгертпеу.

SEOI “Уэб-Формасын” форма 2 құжатына (А Қосымшасын қараңыз) сәйкес тиісті өкілеттігі бар жабдықтаушы өкілі толтырып, тапсыруы тиіс.

Жабдықтаушы SEOI “Уэб-Формасының” дұрыс толтырылғанына, қажетті құжаттардың барлығының SEOI формасымен бірге тапсырылғанына көз жеткізуге міндетті.

Жабдықтаушы толтырылған SEOI “Уэб-Формасын” және “Жабдықтаушы құжаттары” бөліміндегі жүктелген қосымшаларды мұқият тексеруі тиіс, және кез-келген алшақтықты және/немесе дәлсіздікті SEOI “Уэб-Формасын” тапсырмас бұрын дұрыстауы тиіс.

SEOI “Уэб-Формасын” тапсырған соң, Жабдықтаушы электрондық поштасына автоматты хабарлама жіберіледі. Хабарлама 24 сағат ішінде алынбаса, Жабдықтаушы ТШО SEOI тобымен электрондық пошта арқылы байланысуы тиіс: TCOSEOI@tengizchevroil.com.

2.2.2. Бөлім бойынша талаптар

2.2.2.1. “Жалпы ақпарат”

- “Құрылған жылы” – тіркеу құжаттарына сәйкес. Заңды тұлға қайта тіркеуден өтсе, жабдықтаушы алғашқы тіркеу жылын көрсетуі тиіс.
- “Қызмет түрі” – Жабдықтаушы заңды тұлғаның қызметі түрін көрсетуі тиіс. Жабдықтаушы біреуден көп қызмет түрін таңдай алады.
- “Қызметінің сипаттамасы” – ағылшынша толтырылады. Жабдықтаушы компания қызметін қысқаша суреттеуі тиіс. Ақпаратты қазақша және/немесе орысша енгізуге арналған қосымша жолдар жабдықтаушының қарауымен толтырылады.
- “Кәсіпорынның көлемі” – Жабдықтаушы тізімнен сәйкес кәсіпорын көлемін таңдауы тиіс.
- “Капиталдағы Қазақстанның меншік үлесі” – Жабдықтаушы тізімнен капиталдағы Қазақстанның меншік үлесінің пайызын таңдауы тиіс.
- “Тікелей жұмыс істейтін қазақстандық қызметкерлер үлесі” - Жабдықтаушы тізімнен қазақстандық қызметкерлер пайызын таңдауы тиіс.
- “Өндірістік нысандар” – Жабдықтаушы жалға алынған немесе меншігіндегі нысан түрін көрсетуі тиіс.

2.2.2.2. “Жабдықтаушы мекен-жайы”

- “Заңды тұлғаның тіркелген мекен-жайы” – Жабдықтаушы заңды тұлғаның тіркеу құжаттарына не компанияның жарғысына сәйкес ресми тіркелген мекен-жайын көрсетуі тиіс.

- “Кеңсе мекен-жайы” – Егер “Заңды тұлғаның тіркелген мекен-жайынан” басқа болса, жабдықтаушы кеңсе мекен-жайын көрсетуі тиіс. “Кеңсе мекен-жайы” дәл “Заңды тұлғаның тіркелген мекен-жайындай” болса, жабдықтаушы “Заңды мекен-жайы көшіру” пернесін пайдалана алады.

2.2.2.3. “Байланыс мәліметі”

- Жабдықтаушы SEOI akkaунты мен SEOI “Уэб-Формасына” жауапты қызметкерлердің байланыс ақпаратын көрсетуі тиіс. Егер SEOI тобы немесе өзге де ТШО өкілдері ол қызметкерлермен байланысуды шешкен жағдайда, олар жабдықтаушы және оның “Уэб-Формасын” туралы сұралған ақпаратты берулері тиіс.

ЕСКЕРТУ: Егер SEOI “Уэб-Формасын” тапсырудан хабары болмаса, заңды тұлғаның басшы қызметкерлерін көрсетпеу сұралады.

2.2.2.4. “Тауарлар мен қызметтер номенклатурасы” “

- Жабдықтаушы SEOI “Уэб-Формасындағы” “ТШО тауарлары мен қызметтері номенклатурасы” тізімінен тауарлар мен қызметтер таңдауы тиіс. Жабдықтаушының негізгі қызметін анықтау үшін таңдалған тауарлар мен қызметтер түрінің саны 10-нан аспауы тиіс.

ЕСКЕРТУ: Таңдалған тауарлар мен қызметтер жабдықтаушының ТШО-мен жұмыс істеуге қызығушылығын көрсетеді. Жабдықтаушы қызметі мен таңдалған тауарлар мен қызметтерді ұсынудың техникалық мүмкіндіктерін растайтын қажетті құжаттарды тапсыруы тиіс.

2.2.2.5. “Жабдықтаушы құжаттары”

- Жабдықтаушы А Қосымшасына сәйкес құжаттарды жүктеуі тиіс.

3. SEOI “Уэб-Формасын” тіркеу

Жабдықтаушы мен ТШО келесіні түсінеді: ТШО SEOI “Уэб-Формаларын” “Жабдықтаушыға арналған нұсқаулықтар” мен “Жабық ақпаратты жарияламау туралы пайдаланушы растауы және келісімінің” шарттары мен талаптарына сәйкес қабылдайды. Аталған талаптарды орындамау тапсырылған SEOI “Уэб-Формасының” пәрменінен айыруға әкеліп соғуы мүмкін.

SEOI жиберген соң, Жабдықтаушының тіркелген электрондық поштасына жүйеден төмендегідей автоматты хабарлама жіберіледі:

- Жабдықтаушы профайлының статусы
- Өтінімнің SEOI нөмірі

Қажет болғанда, Жабдықтаушы SEOI профайлына қайта өзгеріс енгізе алады.

3.1. SEOI “Уэб-Формасын” тіркеу

- SEOI “Уэб-Формасының” тіркелуі формаңыздың дұрыстолтырылғанын, жүктелген құжаттардың талаптарға сәйкестігін білдіреді.
- Жабдықтаушыға **ТШО тіркеу нөмірі** беріледі.
- Егер ТШО Жабдықтаушының заңды тұлғасына қызығушылық танытса, ТШО өкілдері Жабдықтаушыға SEOI “Уэб-Формасында” көрсетілген бәйланыс мәліметтері арқылы хабарласады.

3.2. SEOI “Уэб-Формасының” жарамдық мерзімі

- Жабдықтаушы SEOI профайлының жарамды мерзімі 1 жыл. Мерзімі өтпестен бір ай (30 күн) бұрын Жабдықтаушыға өзгеріс боған жағдайда профайлды жаңарту керектігі туралы хабар беріледі. Жабдықтаушы SEOI профайлының жарамдық мерзімі өткен жағдайда, жабдықтаушы профайлының статусы өзгермейді.

3.3. Жабдықтаушының SEOI профайлын ТШО компаниясының жаңартуы

Өзгерістер қажет болған жағдайда, жабдықтаушы SEOI профайлын өз бетімен өзгерте алады..

А - ҚОСЫМШАСЫ: “Жабдықтаушы Құжаттары”

Жабдықтаушы ұсынылған ТШО формаларын қолданып, көрсетілген жерлерде келесі құжаттарды тіркеуі қажет.

Жабдықтаушы ұсынылған ТШО формаларының атауларын өзгертпеуі тиіс, яғни, тіркелген құжаттар атаулары әдепкі атаулармен толықтай сәйкес келуі тиіс. Жабдықтаушы өзге құжаттар тіркеген жағдайда, жүктелген құжаттар атаулары ағылшын тілінде және мазмұндарына сәйкес болулары шарт.

Қажетті:

Сәйкестік құжаттары:

1. “Форма 1” – “Жабдықтаушы өкілінің өкілеттіктерін растау”

SEOI веб формасын тиісті өкілеттікке ие жабдықтаушы өкілі толтырып, тапсыруы тиіс. Бұндай өкілеттікті растайтын құжат болып толтырылып, қол қойылған “Форма 1” құжаты саналады. Жабдықтаушы өкілі өкілеттікті растауды “Форма 1” құжаты бойынша тапсыруы тиіс.

Жабдықтаушы орындауы тиіс:

- Форманы жүктеп алу
- Нұсқаулармен танысу
- Жабдықтаушы атынан SEOI “Уэб-Формасын” толығымен, тапсыруға өкілетті адамның “аты-жөні” мен “лауазымын” толтыру
- “Заңды тұлғаның атауы мен түрін ” толтыру
- Күнін қою
- Форманы ресми бланкіге басып шығару
- Формаға қол қою
- Жабдықтаушының мөрі болса, формаға қою
- Толтырылған форманы скан жасау
- Толтырылған “Форма 1” құжатының скан жасалған көшірмесін SEOI “Уэб-Формасына” тіркеу

Ескерту:

- “Форма 1” ағылшын тілінде толтырылуы тиіс, қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқалар қосымша болып табылады.
- Құжат PDF форматында сақталып, тіркелуі тиіс.

Тіркелу құжаттары:

Жабдықтаушы заңды тұлғаның тіркелу құжаттарының көшірмелерін сәйкесінше қосымшаға тіркеуі тиіс:

2. “Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік БСН нөмірімен” (ҚР Резиденті) немесе

Жабдықтаушы орындауы тиіс:

- Тиісті органның заңды тұлғаның Қазақстан Республикасында тіркелгені туралы ресми құжатын тапсыру
- Құжаттың скандалған көшірмесін SEOI “Уэб-Формасына” тіркеу

Ескерту:

- Заңды тұлға қайта тіркеуден өткен болса, Жабдықтаушы алғашқы тіркеу туралы куәлікті тапсыруы тиіс
- Құжат PDF форматында сақталып, тіркелуі тиіс.

“Кәсіпорынды құру құжаттары” (ҚР резиденті емес)

Жабдықтаушы орындауы тиіс:

- Тиісті органның заңды тұлғаның көрсетілген елде тіркелгені туралы ресми құжатын тапсыру
- Құжат түпнұсқасы қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде болмаса, ресми шандырылған ағылшынша аудармасын тапсыру
- Құжатты, оның аудармасын скандау
- Құжаттың скандалған көшірмесін SEOI “Уэб-Формасына” тіркеу

Ескерту:

- Құжат PDF форматында сақталып, тіркелуі тиіс

Тауарлар жеткізу және қызметтер көрсету:

Жабдықтаушы өткен тәжірибесі мен таңдалған тауарлар мен қызметтер бойынша тауарларды жеткізіп және/немесе қызметтерді көрсетуге қабілетін растау үшін қажетті құжаттарды тапсыруы тиіс:

3. “Форма 2” – “Соңғы 3 жыл ішінде орындалған жұмыстар тізімі”

Жабдықтаушы орындауы тиіс:

- Форманы жүктеп алу
- Нұсқаулармен танысу
- “Заңды тұлғаның атауы мен түрін ” толтыру
- 1-бағанда жұмыстар сәйкесінше орындалған “Кодты” көрсету. 2 -бағандағы “Категория” мен 3-бағандағы “Қосымша сипаттама” Жабдықтаушы “Кодты” көрсеткен соң автоматты түрде пайда болады.
- 4-бағанда орындалған жұмыстарды қысқаша суреттеңіз
- 5-бағанда Тапсырыс берушінің заңды атауын көрсетіңіз
- ТШО тапсырыс беруші болған болса, 6-бағанда ТШО-мен келісімшарттың нөмірін көрсетіңіз.
- Жабдықтаушы көрсетілген тапсырыс берушіден мінездеме хат келтірген болса, 7 – бағанда көрсетіңіз
- Жұмыстардың шамамен алғандағы құнын АҚШ долларында 8 –бағанда берілген тізімнен таңдаңыз.
- “Жұмыстар орындалған жылды” көрсетіңіз. Жабдықтаушы көрсетілген жұмыстар соңғы үш жыл ішінде орындалған болуы керектігін есте ұстауы тиіс.
- Құжатты SEOI “Уэб-Формасына” тіркеу.

Ескерту:

- “Форма 2” ағылшын тілінде толтырылуы тиіс.
- Құжат EXCEL форматында сақталып, тіркелуі тиіс.
- Филиалдар, еншілес компаниялар, т.б. өздері орындаған жұмыстар тізімін көрсетулері тиіс
- Егер Жабдықтаушы кәсіпорны жуырда құрылған немесе соңғы жылдары қызметі белсенді болмаған болса, жабдықтаушы бұны ресми хатта, компания бланкіне күнін, қолын, мөрін қоя отырып көрсетіп, оны “Форма 2” құжатының орнына тапсыруы тиіс.

4. “Сертификаттар мен/немесе Лицензиялар”:

Жабдықтаушы орындауы тиіс:

- Таңдалған тауарлар мен қызметтер номенклатурасына сәйкес қолданыстағы сертификаттар мен/немесе лицензияларды тапсыру
- Құжат түпнұсқасы қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде болмаса, ресми шандырылған ағылшынша аудармасын тапсыру

Ескерту:

- Жабдықтаушы заңды тұлғаға қатысты қолданылатын сертификаттар мен/немесе лицензияларды ғана тапсыруы тиіс. Филиалдар, еншілес компаниялар, т.б. жеке сертификаттары мен/немесе лицензияларын тапсыруы тиіс.
- Мерзімі өткен сертификаттар мен/немесе лицензиялар қабылданбайды.
- Құжаттар PDF форматында тіркелуі тиіс
- Таңдалған тауарлар мен қызметтер номенклатурасына қатысты сертификаттар мен/немесе лицензиялар қолданылмайтын болса, Жабдықтаушы осы фактіні растайтын компания бланкіне күнін, қолын, мөрін қойған ресми хат тапсыруы тиіс (мысалы, бұндай хатты жабдықтаушының өзі де, сәйкес мелекеттік органдар да тапсыра алады).

5. “Ұсыныс хаттар”:

Жабдықтаушы орындауы тиіс:

- Соңғы 3 жылда орындаған жұмыстарының “Форма 2” құжатында көрсетілген тапсырыс берушілерінен таңдалған тауарлар мен қызметтер номенклатурасы бойынша ұсыныс хаттар тапсыруы тиіс.
- Құжат түпнұсқасы қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде болмаса, ресми шандырылған ағылшынша аудармасын тапсыру

Ескерту:

- Жабдықтаушы заңды тұлғаға бағытталған мінездеме хаттарды ғана тапсыруы тиіс.
- Құжаттар PDF форматында тіркелуі тиіс
- Егер жабдықтаушының көрсетілген тапсырыс берушілерден мінездеме хаты болмаса, осы фактіні растайтын компания бланкіне күнін, қолын, мөрін қойған ресми хат тапсыруы тиіс.

6. “СТ-КЗ Сертификаты” (ҚР Резиденті)

Жабдықтаушы орындауы тиіс:

- SEOI “Уэб-Формасының” “Жалпы ақпарат” бөлімінде “Қызметінің түрі” сұрағына “Өндіруші” жолы таңдалған болса, таңдалған тауарлар үшін СТ-КЗ сертификаты тапсырылуы тиіс (ҚР Резиденті).

Ескерту:

- Жабдықтаушы заңды тұлғаға тиесілі СТ-КЗ сертификаттарды ғана тапсыруы тиіс.
- Құжаттар PDF форматында тіркелуі тиіс
- Жабдықтаушы “Қызметінің түрі” сұрағына “Өндіруші” жолын таңдағанымен, СТ-КЗ сертификаты қолданылмайтын болса, осы фактіні растайтын компания бланкіне күнін, қолын, мөрін қойған ресми хат тапсыруы тиіс.

Жабдықтаушы қарауына:

7. “Өзге құжаттар”:

Жабдықтаушы мұндай мәліметтер таңдаған тауарлар мен қызметтер туралы қосымша ақпарат береді деп ойласа, қосымша құжаттар тапсыра алады. Кез-келген қосымша құжаттама атауында таңдалған тауарлар мен қызметтерге сілтеме болуы тиіс.